

## **БАСШЫЛЫҚ**

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (АЖ/ТҚҚ) және АЖ/ТҚҚ мақсатында тәуекелге бағдарланған тәсілді қолдану саласында Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау нұсқаулығы

## **РУКОВОДСТВО**

по соблюдению законодательства Республики Казахстан в сфере противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма (ПОД/ФТ) и применению риск - ориентированного подхода в целях ПОД/ФТ

Астана  
2015

## КІРІСПЕ СӨЗ

### **Құрметті қаржы мониторингінің қатысушылары!**

Сіздердің алдарыңызға қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында тәуекел тәсіліне бағдарланған (ТТБ) клиенттермен жұмыста дұрыс түсіну және қолдану үшін халықаралық стандарттар мен ЕҚЫҰ-ға қатысушы мемлекеттердің ең озық практикасы негізінде Сіздерге арнап әзірленген методикалық құралдың бірінші басылымын ұсынып отырмыз.

Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының ұсынымдары (ФАТФ) тәуекелдің типіне және деңгейіне қарай оның түрлі факторларымен байланысты алдын ала қабылданатын қадамдар көлемін саралау үшін елдер қолдануға тиісті шаралардың кешенді әрі жүйелі құрылымын белгілейді. ФАТФ стандарттарын орындау Қауіпсіздік Кеңесінің № 1617 қарарына сәйкес БҰҰ-ға мүше кез-келген мемлекет үшін міндетті болып табылады.

2015 жылы ФАТФ халықаралық стандартында белгіленген Қазақстан Республикасында кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың құқықтық және институционалдық жүйелеріне сәйкестікті бағалаудың бірінші кезеңі аяқталады.

2018 жылы Қазақстан жаңартылған халықаралық стандарттарға сәйкес бағалаудың екінші кезеңіне көшеді. Осы кезеңге жаңартылған стандарттарда көрсетілген негізгі тәсілдер дайындалуға және заңнамалық түрде бекітілуге, тәуекелдерді анықтауға негізделген ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында ұлттық саясат әзірленуге, оны әзірлеуге және жетілдіруге жауап берерліктей үйлестіру механизмі айқындалуға, мемлекеттік, арнайы және құқық қорғау органдарының өзара іс-қимыл жасауының үйлестіру механизмі жасалуға тиісті.

Тәуекелге бағдарланған тәсіл ФАТФ Ұсынымдарын тиімді іске асырудың маңызды компоненті болып табылады. Мемлекеттік органдар мен қаржы мониторингі субъектілері тәуекел жасаушы бөлікті төмендету бойынша шаралар қабылдау мақсатында ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтауға, бағалауға және ұғынуға тиісті. Бұл Нұсқаулық АЖ/ТҚҚ ұлттық жүйесінің барлық қатысушыларына ең озық халықаралық практиканы ескере отырып Тәуекелге бағдарланған тәсілді әзірлеуге және іске асыруға көмектеседі.

Халықаралық тәжірибе атап айтқанда, қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттермен жұмыстың алғашқы кезеңінде қатерді нақты анықтауға және бағалауға, сондай-ақ ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін азайтуға, көлеңкелі экономиканы төмендетуге қабілетті екендіктерін көрсетті.

Бүгіндері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті халықаралық ұйымдармен бірлесіп ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша жаңа халықаралық стандарттарды ұлттық заңнамаға енгізудің әдістемесін пысықтауда. Бұл жұмыста ең алдымен Қазақстанның дамуындағы ішкі қажеттіліктерді және басымдықтарды басшылыққа алу керек.

Бұл үлкен күш-жігерді және соның ішінде біздің халықаралық әріптестер тарапынан қолдауды талап етеді. Алға қойған мақсаттарды іске асыра отырып және жаңа қыр көрсетулер мен қатерлерге барабар әрекет ете отырып алға жүру керек.

Мұндай іс-қимылдардың жеке сектормен үйлестірілгені маңызды болмақшы. Бүгіндері әрбір қаржылық және қаржылық емес ұйымдарда ішкі бақылау рәсімдерін мұқият сақтауға негізделген қылмыстық кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін анықтау мен басқарудың өз тәсілдері бар.

Тәуекелдерді бағалау – бұл түрлі ведомстволардың ұжымдық жұмысының мәні, ол әрине ақпаратты негізгі жеткізушілер яғни Сіздер құрметті қаржы мониторингіне қатысушылар, белсене қатыспасаңыздар мүмкін болмайды.

Осы Нұсқаулық Сіздерге кірістерді жылыстату және терроризмді қаржыландыру тұрғысынан барынша осал болып табылатын ақшамен және мүлікпен жасалатын операциялармен байланысты өзгеше өнімдер мен қызметтерге дұрыстап назар аударуға, сондай-ақ осы салада нақты нәтижелерге жетуге көмектеседі деп сенеміз.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қаржы мониторингі  
комитетінің төрағасы  
Б. Тәжіяқов

Төтенше және Өкілетті Елші,  
ЕҚЫҰ Астанадағы  
бағдарламалар офисінің  
басшысы  
Н. Зарудная

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ СӨЗ .....	1
Алғысөз.....	5
Нұсқаулықтың мақсаты .....	6
Ақшаны жылыстату қылмысы.....	6
Терроризмді қаржыландыру қылмысы.....	7
Ұлттық жүйенің мақсаты.....	7
Қолдану саласы және әлеуетті пайдаланушылар .....	8
ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛ ҚАҒИДАСЫ.....	10
АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасы .....	12
АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын сипаттау .....	13
ІБҚ ұйымдастыруға, мониторингті іске асыруға және сақтауға жауапты лауазымды тұлғалардың құқықтары мен міндеттеріне катысты рәсімдер .....	14
Жауапты қызметкер.....	14
Клиенттермен жұмыс істейтін қызметкерлер .....	15
Қаржы мониторингі субъектісінің қызметкерлерін дайындау және оқыту бағдарламасы .....	15
СЕРПІНДІ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ НЕГІЗДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АНЫҚТАУ .....	17
Тәуекелдер шәкілі .....	17
Тәуекелдерді анықтау.....	18
Клиенттер тәуекелдері .....	18
Қызметтер тәуекелі .....	19
Ақпарат көздері .....	19

Нәтижелерді жаңарту рәсімдері .....	20
<b>ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТӨМЕНДЕТУ</b> .....	<b>22</b>
Жоғары тәуекелдер туралы нәтижелерге назар аудару рәсімдері ....	22
Төмен тәуекелдер туралы нәтижелерге назар аудару рәсімдері .....	23
Құжаттау рәсімдері .....	24
Мемлекеттік органдармен тәуекелдер туралы нәтижелермен алмасу рәсімдері .....	24
<b>ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ МАТРИЦАЛАРЫ (МЫСАЛ РЕТІНДЕ)</b> .....	<b>25</b>
Қатер (Т).....	25
Осалдылық (V).....	25
Салдар (С).....	28
<b>ҚАДАҒАЛАУДА ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛДІ БАСШЫЛЫҚҚА АЛУ</b> .....	<b>29</b>
<b>ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ АУҚЫМЫ</b> .....	<b>33</b>

## АЛҒЫСӨЗ

1. Қазақстанда ақшаны жылыстатуды және терроризмді қаржыландыруды ескерту мен анықтау бойынша алдын ала көптеген қадам жасалған болатын. «Ақшаны жылыстату» қылмысы алғаш рет Қазақстанның Қылмыстық кодексінің «Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату)» деген 193-бабында бекітілген.
2. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы N 191-IV (АЖ/ТҚҚ туралы) 2009 жылғы 28 тамызда қабылданды және заңды күшіне 2010 жылғы 9 наурызда енгізілді.
3. 2012 жылғы маусым айында № 19-V Қазақстан Республикасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды, онда қаржы мониторингі субъектілерінің, олардың салалық реттеушілерінің және мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін еліміздің 18 заңнамалық актілеріне тиісті түзетулер енгізілді.
4. АЖ/ТҚҚ туралы Заңмен бірге қабылданған N 192-IV «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңмен қаржы мониторингі субъектілерінің, олардың салалық реттеушілерінің және мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін елдердің 26 заңнамалық актілеріне тиісті түзетулер енгізілді.
5. 2011 жылғы маусымнан бастап 2014 жыл кезеңі аралығында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қи-

мыл бойынша ұлттық жүйені жетілдіру мақсатында бірқатар заңдар мен заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілді.

6. 2014 жылғы маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» N 206-V Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, онда Қазақстан Республикасының 33 заңнамалық актісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделген.
7. 2014 жылғы заңнамада Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдары талаптарына сәйкес қаржы мониторингі субъектілерінің тізбесі кеңейтіледі.
8. Сондай-ақ қаржы мониторингі субъектілері үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жаңа талаптар белгіленеді және міндетті түрде технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса, клиенттердің тәуекелдері мен қылмыстық мақсаттағы қызметтерді пайдалану тәуекелдерін ескеретін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару бағдарламасын әзірлеу бойынша қаржы мониторингі субъектілері үшін талаптар енгізіледі.

### **Нұсқаулықтың мақсаты**

- Қаржы мониторингі субъектілері үшін тәуекелдермен байланысты АЖ/ТҚҚ ұлттық жүйесінің нормативтік-құқықтық базасы аспектілеріне шолу ұсыну;
- Олардың практикада қандай түрде іске асырылуын түсіндіру мақсатында тәуекелдермен байланысты талаптарды түсіндіру;
- Қаржы мониторингі субъектілерінің тәуекелдерді анықтауы,

бағалауы және азайтуы мақсатында тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген ішкі бақылау тәртібі қағидасын қалай әзірлеуді және енгізуді түсіндіруде қаржы мониторингі субъектілеріне көмектесу;

- АЖ/ТҚ саласында өз тәуекелдерін бағалау үшін қаржы мониторингі субъектілері пайдалана алатын құралдарды беру.

### **Ақшаны жылыстату қылмысы**

9. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы ақшаны жылыстату қылмысы түсінігін мынадай түрде айқындайды:

- 1-бап (11) «қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) – қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті мәмілелер жасау арқылы заңды айналымға тарту, сол сияқты көрсетілген ақшаны және (немесе) өзге мүлікті пайдалану»;

### **Терроризмді қаржыландыру қылмысы**

10. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңында терроризмді қаржыландыру қылмысы түсінігі мынадай түрде айқындалады:

- 1-бап (12) терроризмді қаржыландыру (террористік қызметті) террористік іс-әрекетті жүзеге асыруға не террористік топқа және (немесе) террористік ұйымға ақша жинау және (немесе) өзге де мүлік беру;

### **Ұлттық жүйенің мақсаты**

11. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша ұлттық жүйенің негізгі мақсаттары:



- елде қылмысты төмендету; және
  - елдің қаржы және қаржылық емес секторларының инвестициялық тартымдылығы мен беделін арттыру болып табылады.
12. Ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың алдын алу және жолын кесу бойынша Қазақстанның ұлттық жүйесін Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) белгілеген халықаралық стандартқа қатысы бойынша ұдайы тексеріп отырады, оны Қазақстан өзінің Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі Еуразиялық топқа мүшелігі арқылы мақұлдады.
  13. ФАТФ ұсынымдары ұлттық және халықаралық деңгейде ақшаны жылыстатудың алдын алуда және жолын кесуде үкіметтердің, қаржы мекемелерінің және белгіленген қаржылық емес кәсіпорындар мен кәсіп иелерінің (УНФПП) мүмкіншіліктерін нығайту мақсатында әзірленді.
  14. АЖ/ТҚҚ тиімді жүйесі мемлекеттік және жеке сектор арасындағы тиімді ынтымақтастықты болжалдайды. 2014 жылғы заңнама ақшаны жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы ұлттық күресті қолдайтын ынтымақтастық механизмдерін күшейтеді және нақтылайды.

### **Қолдану саласы және әлеуетті пайдаланушылар**

15. Бұл құжат ұлттық заңнама нормаларына сәйкес тәуекелге бағдарланған тәсілді АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 3-бабында айқындалған қаржы мониторингі субъектілері қолданатын нұсқаулық болып табылады және АЖ/ТҚ-ның алдын алу мен анықтауда ішкі бақылау қағидасын және тәуекелдерді басқару бағдарламасын әзірлеп, орындайтын қаржы мониторингі субъектілерінің жауапты қызметкерлерінің пайдалануына арналған қосымша құрал болып табылады.
16. Осы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті ОБСЕ-мен ынтымақтастықта шығарып отыр.

17. Қаржы мониторингі комитеті тәуекелге бағдарланған тәсілдің және соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, ұлттық заңнаманың ережелерінің дұрыс қолданылуына түсінік беруде қаржы мониторингі субъектілеріне көмек көрсетуге барынша дайын.
18. Заңнаманың және АЖ/ТҚҚ саласындағы нормативтік құқықтық актілердің сақталуы жөніндегі ақпараттың *жалғыз* көзі ретінде осы нұсқаулықты пайдалануға ұсыныс жасалмайды.
19. Қаржы мониторингі субъектілері өздерінің қызметкерлерінің АЖ/ТҚҚ туралы заңнама шеңберінде өз міндеттемелерін орындау кезінде тұрақты әрі серпінді түрде ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін өз бетінше анықтағанын және ескергенін көтермелеуге тиісті
20. Қаржы мониторингі субъектілері өздерінің АЖ/ТҚ тәуекелдерін талдау және алдын алу түрінде басқаруға тиіс, саясатты, жүйені қолдауға және олар анықтаған тәуекелге үйлесетін әрі сай келетін рәсімдер белгілеуге тиіс. Осы нұсқаулық қаржы мониторингі субъектілеріне практикалық көмек көрсетуге арналған.
21. Нұсқаулықты АЖ/ТҚҚ мақсатында реттеу мен қадағалаудың бірдей шараларын қолдану үшін қадағалау органдары да пайдалана алады.

## **ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛ ҚАҒИДАСЫ**

22. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары қаржы мониторингі субъектілерін қадағалау және тексеру кезінде тәуекелге бағдарланған тәсілді қолданады. Қаржы мониторингі субъектілерін қадағалау әрбір субъект үшін бірдей жүргізілмейді. Мұның орнына мемлекеттік органдар АЖ/ТҚ тәуекелдерінің деңгейіне сәйкес келетін, қаржы мониторингі субъектісінің әрқайсымен жеке тіл табуға шамалас келетін бақылау іс-шараларын қолданады.
23. Тәуекелге бағдарланған тәсілдің мақсаты қолжетімді ресурстарды ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың алдын алу мен жолын кесуде барынша тиімді болатын тәуекелдер аймақтарында қадағалау мен сақтау бойынша оларды пайдалануға мүмкіндік беру болып табылады.
24. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны жылыстату (АЖ) және терроризмді қаржыландыру (ТҚ) тәуекелдері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіпте кәсіпкерлік субъектілері ұсынған ақшамен және мүлікпен жүргізілген операциялармен байланысты географиялық және экономикалық ортаның сипаттамасына қарай қаржы мониторингі субъектілері мен мемлекеттік органдардың қолданулары үшін АЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау бойынша зерттеулер барысында ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландырудың анықталған қатерлері мен осалдықтары негізінде айқындалатын болады деп болжанады.
25. Тәуекелдерге ұлттық бағалау жүргізу кезінде анықталған АЖ/ТҚ қатерлерін және осалдықтарын азайту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша шаралар әзірленетін болады.
26. Қаржы мониторингі комитеті және басқа да мүдделі мемлекеттік органдар саясатты және қадағалау басымдықта-

рын анықтауда тәуекелдерді ұлттық бағалау нәтижелерін басшылыққа алатын болады. Тәуекелдерді ұлттық бағалау нәтижелері сондай-ақ АЖ/ТҚҚ режимін сақтау бойынша қосымша ресурстардың бөлінуін талап ететін жоғары тәуекелдер аймақтары туралы ақпараттар беру мақсатында қаржы мониторингі субъектілеріне құпия тәртіпте берілетін болады деп болжануда.

27. АЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға сәйкес қаржы мониторингі субъектілері тәуекелге негізделген өздерінің ішкі бақылау қағидасына элементтер қоса отырып, тәуекелді анықтауға және бағалауға міндетті.
28. Қаржы мониторингі субъектілері тек клиенттерге және жоғары тәуекелді қызметтерге қатынасы бойынша ғана ішкі бақылауға ресурстар бөлмеуге тиіс. Орташа және төмен тәуекелдер санатына жататын клиенттер мен қызметтерге де сондай-ақ мониторинг жүргізілуге және міндетті зерттелуге тиісті. Жоғары тәуекел санаттары қосымша тексерілуге тиісті болады (қараңыз осы нұсқаулықтың 67-68-тармақтары).
29. Тәуекелдердің төмен санаттары жеңілдетілген тексеруге жатқызылуы мүмкін, бірақ тек тиісті мемлекеттік орган бұған рұқсат бергенде ғана (қараңыз осы нұсқаулықтың 67-68-тармақтары).
30. 2014 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 11-бабына сәйкес қаржы мониторингі субъектілері қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдас-тыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидасын және оны жүзеге асыру бағдарламасын әзірлеуге міндетті, олар мыналарды:
  - қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру бағдарламасын;
  - технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, клиенттердің тәуекелдерін және көрсетілетін қызметтерді қылмыстық мақсаттарда пайдалану тәуекел-

дерін ескеретін, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелін басқару бағдарламасын;

- клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасын;
- клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу бағдарламасын;
- қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлерін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасын;
- ішкі бақылау қағидаларына сәйкес қаржы мониторингі субъектілері әзірлеуі мүмкін өзге де бағдарламаларды қамтуға тиіс.

### **АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасы**

31. Әрбір қаржы мониторингі субъектісі АЖ/ТҚҚ туралы Заң талаптарын ескере отырып, АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқаруда өзінің меншікті бағдарламасын әзірлеуге міндетті. Бұл бағдарлама жалпы ережелермен қатар қаржы мониторингі субъектісінің жұмыс ерекшеліктерін көрсетуге және АЖ/ТҚҚ мақсатында әр клиентке жеке тәсілді көрсетуге тиісті.
32. Тәуекелдерді басқару бағдарламасы тәуекел деңгейін бере отырып, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырумен (жылыстатумен) және терроризмді қаржыландырумен байланысты ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен клиенттің жасаған операцияларына қаржы мониторингі субъектісінің тәуекелге бағалау жүргізуін көздейді. Бұл бағдарламада мынадай компоненттер:
  - АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын сипаттау;
  - Ішкі бақылау қағидасын ұйымдастыруға, іске асыру мониторингіне және сақтауға жауапты лауазымды тұлғаның құқықтары мен міндеттеріне қатысты рәсімдер;
  - Клиент (оның өкілі) пен бенефициар меншік иесі туралы қолда бар мәліметтер негізінде тәуекел деңгейін беру рәсім-

дері;

- Тиісті органдарға/ұйымдарға тәуекелді бағалау және беру нәтижелерін тіркеу рәсімдері;
- Жоғары тәуекелді нәтижелер табылған жағдайда назар аудару рәсімдері;
- Төмен тәуекелді нәтижелер табылған жағдайда назар аудару рәсімдері;
- Құжаттау және мемлекеттік органдармен тәуекелдер туралы нәтижелер алмасу рәсімдері қамтылуға тиісті.

### **АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын сипаттау**

33. АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын сипаттауға қызметтер, өнімдер, мәмілелер мен субъект клиенттері және елдер немесе олармен өзі жұмыс істейтін географиялық аудандар үшін АЖ/ТҚ тәуекелдерін анықтауда, бағалауда және жұмсартуда субъектінің тәсіліне шолу жасау қамтылуға тиіс. Ол төрт негізгі компоненттен:
- Субъект алдында тұрған АЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалаудан;
  - АЖ/ТҚ-ның осы тәуекелдерін бақылау мен қысқарту бойынша саясаттан және рәсімдерден;
  - Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты және рәсімдерді жүзеге асыру үшін ұйымдық құрылымнан;
  - АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын жүйелі тексеру және тиімділігін арттыру бойынша процестен тұрға тиісті.
34. Бағдарламалардың субъектінің әрбір типінің бірегей сипаттамасына және тәуекелдер бағдарына бейімделу қажеттілігіне байланысты бір қаржы мониторингі субъектісінің АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасы басқа субъектінің бағдарламасынан ерекшеленетін болады.
35. Егер қаржы мониторингінің субъектісі өте ірі қаржы тобының мүшесі болып табылса, сипаттамада субъектінің АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасы қандай түрде ірі қаржы тобының АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасына жататындығы туралы түсінік қамтылуға тиісті (ФАТФ 18-ұсынымына сәйкес (және оған түсіндірме жазбаға сәйкес)).

36. Филиалдарымен қаржылық топтың бөлігі немесе шетелде топ мүшелері болып табылатын қаржы мониторингінің субъектілерінде тәуекелдерді басқарудың топтық бағдарламасы яғни тұтас алғанда топқа таратылатын бағдарлама болуға тиісті.
37. Егер қаржы мониторингінің субъектісі Қазақстан Республикасында Қазақстаннан тыс жерде тұратын адамдармен сыртқы корреспонденттік қатынастар орнататын немесе қолдайтын болса, сипаттамада субъектінің АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасының шетелдік респонденттің (корреспонденттің) бағдарламасына қалай қарайтыны нақты көрсетілуге тиіс.
38. Бір қаржы мекемесінің бағдарламасы тұжырымдап айтқанда басқаның бағдарламасына ұқсас болуы мүмкін, бірақ субъектінің басқа типінің мысалы, адвокаттар, нотариустар, бухгалтерлер немесе казино бағдарламасынан айтарлықтай ерекшеленетін болады.
39. Бағдарлама айқын нысанда жазылуға тиіс, осылайша өздерінің АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқаруға қатысты қаржы мониторингінің субъектісі қабылдаған тәсілді реттеуші орган немесе өзге уәкілетті орган жеңіл түсіне алатындай болуы тиіс.
40. Бағдарлама АЖ/ТҚ саласындағы ұлттық заңнамаға сәйкес келуге тиіс және егер әңгіме нотариус, адвокат, кәсіби бухгалтер және т.б. туралы болған жағдайда қаржы мониторингінің субъектісінің басшысы, жауапты менеджер немесе субъектінің өзі бекітуге тиіс болады.

**ІБҚ ұйымдастыруға, мониторингті іске асыруға және сақтауға жауапты лауазымды тұлғалардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты рәсімдер**

**Жауапты қызметкер**

41. Ішкі бақылау қағидаларында Қағидалар мен бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға жауап беретін қызметкердің (-лердің) міндеттері анық жазылуға тиісті. Жауапты лауазымды тұлғаның (бөлімшенің) тиімді жұмысты жүзеге асыруы үшін қажетті тәуелсіздігі, қабілеті, стажы, ресурстары және

тәжірибесі болуға, сондай-ақ барлық тиісті ішкі ақпаратқа (оның ішінде бизнесте және кез келген шетелдік филиалдар мен еншілес компанияларда барлық бағыттар/қызметтер бойынша) қол жеткізуге мүмкіндігі болуға тиісті.

42. Егер әңгіме ірі қаржы мониторингі субъектісі туралы болған жағдайда немесе оның операцияларының көлемі үлкен болса, онда бағдарлама өзіне АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару жүйелерін іске асыруға жауап беретін жеке бөлімше құруды қамтуға тиісті. Мұндай бөлімше тікелей жауапты қызметкерге бағынуға тиісті.

### **Клиенттермен жұмыс істейтін қызметкерлер**

43. Клиенттермен жұмыс істейтін және клиенттен алғашқы ақпарат (фронт-офис) алатын қаржы мониторингі субъектісінің қызметкерлері іскерлік қатынастар орнату процесіне қатысады, іскерлік қатынастарды орнату, жалғастыру және үзу туралы шешім қабылдайды және/немесе клиенттің қаржылық операцияларын жүргізуіне қатысады, АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын іске асыруға міндетті түрде ат салысуға тиісті.
44. Тәуекелдерді басқару жөніндегі жауапты қызметкерлердің және бөлімшенің АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару үшін қаржы мониторингі субъектісінің басқа қызметкерлерінен (бөлімшелерден) қажетті ақпарат алуға құқығы және рұқсаты болуға тиісті.

### **Қаржы мониторингі субъектісінің қызметкерлерін дайындау және оқыту бағдарламасы**

45. Кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету – АЖ/ТҚҚ ұлттық жүйесінің табысты жұмыс істеуінің мақсаты.
46. Оқыту жеке тәуекелдерді есепке ала отырып анықталған нақты проблемаларды талдауға және оларды шешудің тиімді шараларына бағытталуға тиісті.
47. Оқыту бағдарламасын қаржы мониторингі субъектісінің басшысы бекітуге тиіс, онда АЖ/ТҚҚ мақсатында міндетті



дайындықтан және оқытудан өтуге тиісті қызметкерлердің тізбесі, зерделеу үшін қажетті материалдар (нормативтік құқықтық актілер, типологиялар, схемалар және заңдастыру әдістері, АЖ/ТҚҚ туралы заңнама талаптарын орындамағаны үшін жауаптылық шаралары, т.б.), сондай-ақ қаржы мониторингі субъектісінің білгенінше өзге де ережелер болуы міндетті.

## **СЕРПІНДІ ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ НЕГІЗДЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ АНЫҚТАУ**

48. Тәуекелдерді анықтаудың, бағалаудың және азайтудың негізгі міндеттерінің бірі АЖ/ТҚ-ның өте жоғары және өте төмен тәуекелдерін білдіретін клиенттер мен қаржы мониторингі субъекті қызметтері арасындағы дифференциация болып табылады. Бұл қаржы мониторингі субъектісіне барынша жоғары тәуекелдерді төмендетуге ресурстар жіберуге, сондай-ақ төменгі тәуекелдерге қарай жіберілген ресурстардың шығынын азайтуға мүмкіндік береді.
49. АЖ/ТҚ-ға қарсы іс-қимылға жеткілікті ресурстар бөлетін және мұны АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасының көмегімен жүзеге асыратын субъектілер клиенттердің және қызметтердің барлық типтеріне қаржы мониторингінің бірдей рәсімдерін қолданатын субъектілермен салыстырғанда АЖ/ТҚ-ның алдын алу мен жолын кесуде барынша нәтижелі болады.

### **Тәуекелдер шәкілі**

50. Жоғары және төмен тәуекелдерді ажырату үшін қаржы мониторингі субъектілері тәуекелдер деңгейін белгілеуге тиісті. Субъектілер іскерлік қатынастар мен мәмілелер, клиенттер операциялар үшін кем дегенде АЖ/ТҚ тәуекелінің екі базалық деңгейін көздеуге тиісті (клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы қолда бар мәліметтер негізінде).
- Жоғары;
  - Төмен.
51. Толып жатқан клиенттері және (немесе) өнімдер мен қызметтердің бірнеше түрі бар қаржы мониторингі субъектілері үшін, толып жатқан клиенттердің, өнімдер мен қызметтердің тиімді саралануы үшін тәуекелдің екіден астам деңгейі талап етілуі мүмкін. Бұл субъектілердің толып жатқан санаттарды (мысалы, өте төменнен бастап, орташа, өте жоғары дейін санатқа дейін) немесе санмен тәуекелдердің рейтингін (мысалы, 1-ден 15-ке дейінгі шекте) енгізулері керек.

## **Тәуекелдерді анықтау**

52. Әрбір субъектінің тәуекелдерді бағалау бағдарламасы нәтижелі болуы үшін АЖ/ТҚ тәуекелдерді бағалау бағдарламасы тәуекелдің тиісті факторларын жалпы тәуекелдің деңгейін бағалау және тәуекелді төмендетуде қолданылатын шараларға дейін ескеруге тиісті. Тәуекелдің бұл факторлары субъектінің қызметтерін, өнімдерін, мәмілелері мен клиенттерін және олармен қаржы мониторингі субъектілері жұмыс істейтін елдерді немесе географиялық аудандарды қамти алады.
53. Қаржы мониторингі субъектілері олардың клиенттерімен және қызметтерімен байланысты тәуекелдерді бағалауға тиісті. 2014 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен АЖ/ТҚҚ туралы Заңның 11-бабының 3-тармағы қаржы мониторингі субъектілеріне «технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, клиенттердің тәуекелдерін және көрсетілетін қызметтерді қылмыстық мақсаттарда пайдалану тәуекелдерін» ескеретін міндеттерді жүктейді. Қаржы мониторингі субъектілері сондай-ақ өздерімен немесе олармен жұмыс істейтін географиялық аудандарды да ескеруге тиісті.

## **Клиенттер тәуекелдері**

54. Қаржы мониторингі субъектілері бірінші кезекте клиенттер ұсынған, оның ішінде клиенттердің бенефициарлық меншік иелері ұсынған АЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалауға жауап береді. Осы нұсқаулықтың 68-тармағында автоматты түрде тәуекелдің жоғары деңгейіне жатқызылуға тиісті клиенттер мен бенефициарлық меншік иелерінің санаттары санап шығылды, бірақ бұл тізімді тамамдалды деп есептемеу керек. Қаржы мониторингі субъектілері тікелей түрде өздерінің клиенттерімен өзара іс-қимыл жасайды және осындай түрде әрбір клиентпен және бенефициарлық меншік иесімен байланысты тәуекел факторын өзбетінше анықтауға мүмкіндігі болады. Қаржы мониторингі субъектілері ресми тізімге енгізілмеген жоғары тәуекелді клиенттерді және бенефициарлық меншік иелерін теңестіруге тиісті. Әрбір клиентпен және бенефициарлық меншік иесімен байланысты АЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау қаржы мониторингі

субъектісінің АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасының аса маңызды аспектілерінің бірі болып табылады.

### **Қызметтер тәуекелі**

55. АЖ/ТҚ тәуекелдерін ұлттық зерттеу нәтижелері сондай-ақ қосымша ресурстар бөлуді талап ететін жоғары тәуекел аймақтары туралы ақпарат беру мақсатында қаржы мониторингі субъектілеріне құпия тәртіпте берілетін болады деп болжанады.
56. Қаржы мониторингі субъектілері өз қызметтерін бағалау және оларды азайту бойынша оларға сәйкестей отырып шаралар қабылдаулары үшін осы зерттеулерді пайдалануы мүмкін.
57. Қаржы мониторингі субъектілері АЖ/ТҚ мақсаттарында пайдаланылатын өз өнімдері мен қызметтерінің тәуекелдерін үнемі және объективті түрде бағалауға тиісті. Тәуекелдің осы бағалары ішкі бақылау қызметінің басымдықтарын айқындау (анықталған тәуекелдері жұмсарту үшін) үшін де, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданылатын АЖ/ТҚ тәуекелдері туралы құзырлы органдармен талқылауларға қатысуға жауапты қызметкерлерді дайындау үшін де үнемі қайта қаралуға және пайдаланылуға тиісті.

### **Ақпарат көздері**

58. Қаржы мониторингі субъектілері АЖ/ТҚ тәуекелдерін анықтау, бағалау және жұмсарту мақсатында ақпарат жинауға «барлық дереккөз» тәсілін қабылдауға тиіс. АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын орындау мақсатында дереккөз *жалғыз* және айрықша негіздеме болып қызмет ете алмайды. Тиісті қолжетімді ақпаратты қоспау және пайдаланбау талаптарды бұзғандық ретінде қаралуға тиіс.
59. АЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау үшін пайдаланылуы мүмкін ақпарат мыналарды:
  - Жалпыға қолжетімді ақпаратты (мысалы, бұқаралық ақпарат құралдары, әлеуметтік желілер, елдердің оның ішінде есірткімен, сыбайлас жемқорлықпен және ақша жылы-

статумен байланысты қылмыстар бойынша халықаралық рейтингтері);

- Деректердің коммерциялық базаларын;
- Клиентке тиісінше тексеру жүргізу кезінде клиенттен алынған ақпаратты;
- Клиенттің пікірін және іс-әрекетін;
- Заңнаманы, қағиданы және нұсқаулықты;
- Қаржы мониторингін жүзеге асырушы уәкілетті орган жасаған Ақшаны жылыстатумен күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті орындамайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесін;
- Қаржы мониторингін жүзеге асырушы уәкілетті органның, оның ішінде мемлекеттік реттеуші органдар арқылы қаржы мониторингі субъектілерінің назарына жеткізетін терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін;
- АЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау нәтижелерін;
- Реттеуші органнан келіп түскен кез келген ақпаратты қамтиды, бірақ бұлармен шектелмейді.

### **Нәтижелерді жаңарту рәсімдері**

60. Клиенттермен және қызметтермен байланысты тәуекелдердің уақыт өте келе өзгеруі мүмкін. Клиенттердің және олардың қаржы қызметінің де өзгеруі мүмкін, ал қызметтер дами берсе де, тіпті егер клиенттің немесе қызметтердің өзі өзгеріссіз қалса да, егер басқа клиенттің немесе қызметтердің тәуекел рейтингі өзгерсе, осы клиентке немесе қызметтерге қатысты тәуекелдің ұлғаюы немесе азаюы мүмкін.
61. Бұдан басқа тәуекелді бағалау бойынша ұлттық және халықаралық практика және тәуекелді төмендету бойынша саясаттардың, басқару мен рәсімдердің тиімділігі уақыт өте келе өзгеріп отырады.
62. АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасы мен оның компоненттері, оның ішінде клиенттерді тиісінше тексеру проце-

стері жоғарыда көрсетілген және өзге де себептер бойынша қажеттігіне қарай үнемі қайта қаралуға, жаңартылуға, бақылануға және жетілдірілуге тиісті.

63. АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқарудың жалпы бағдарламасы құрылымның (мазмұнның) тиімділігіне және орындалуына қарай үнемі тексерілуге тиісті. Қаржы мониторингі субъектілері АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқаруда өз жүйелерін тұрақты негізде тестілеуге тиісті және оларды тиісінше жаңартып әрі жетілдіріп отыруға тиісті. Бұл мыналар болғанда:

- АЖ/ТҚ тәуекелін ұлттық бағалаудың нәтижелері бар болғанда;
- Тиісті заңнама, қағида және (немесе) нұсқаулық жарияланғаннан кейін;
- Мемлекеттік қадағалау органдарынан жазбаша нұсқаулықтар алған бойда;
- Қаржы мониторингі субъектілерінің бастамасы бойынша; бірақ
- Жылына кем дегенде бір рет жүргізілуге тиіс болады.

64. АЖ/ТҚҚ туралы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармағы тұтастай алғанда клиенттер туралы мәліметтердің қажеттігіне қарай жаңартылуы мүмкін екендігін көздейді. Сонымен қатар клиентпен байланысты тәуекелдер. 68-тармақта көрсетілген дереккөздердегі тиісті ақпараттар бар болғанда;

- Іскерлік қатынастар басталғаннан кейін;
- Мөлшері немесе көлемі бойынша едәуір операциялар жүргізген кезде;
- Клиенттің мінез-құлқында өзгерістер болған жағдайда; және
- Іскерлік қатынастар тоқтатылғанда тексерілуге және жаңартылуға тиісті.

65. Клиентті тиісінше тексеру туралы қосымша ақпарат АЖ/ТҚҚ туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында бар.

## **ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТӨМЕНДЕТУ**

66. Тәуекелдерді сәйкестендіргеннен және оларды деңгейлері бойынша бөлгеннен кейін қаржы мониторингі субъектілері тәуекел дәрежесі орта және төмен клиенттермен, бенефициарлық меншік иесімен және қызметтермен байланысты тәуекелдерді төмендету бойынша шаралар қабылдауға тиісті. Субъектілер ең жоғары дәрежеде клиентпен немесе қызметтермен АЖ/ТҚ тәуекелін азайту мақсатында өздерінің ішкі бақылау қағидаларында өзгерістерді жүзеге асырулары және құжаттандырулары тиіс.

### **Жоғары тәуекелдер туралы нәтижелерге назар аудару рәсімдері**

67. АЖ/ТҚ-ның жоғары тәуекелі бар ретінде айқындалған клиентке немесе қызметке АЖ/ТҚ-ға автоматты түрде күдік келтірілмеуге тиісті. Жоғары тәуекелді иемдену алайда күдікті ақпараттың немесе қызметтің бар екендігін анықтау мүмкін болуы үшін клиентке және (немесе) қызметке барынша жіті назар аударуға жеткізуге тиісті. Жоғары тәуекелді деп саналатын қызметтер үшін қаржы мониторингі субъектілері органдармен бірлесіп АЖ/ТҚ-ға қатысты қызметтердің осалдығын азайту бойынша орынды шаралар қабылдау қажет. Жоғары тәуекелді деп саналатын клиенттер мен бенефициарлық меншік иелері үшін қаржы мониторингі субъектілері әдетте осы нұсқаулыққа, сондай-ақ заңнамаға және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес барынша күшейтілген тиісті тексеруді жүзеге асыруға тиісті.

68. Қаржы мониторингі субъектілері АЖ/ТҚ тәуекелін ұлттық бағалаудың нәтижелерін ескеруге және тәуекелдің жоғары санатына мынадай клиенттер мен бенефициарлық меншік иелерін:

- Уәкілетті органның АЖ/ТҚ жоғары тәуекелін жасаушы ретінде санайтын елдердің (аумақтардың) немесе сол елдерде тіркелген адамдармен, сондай-ақ осындай елдерде (аумақтарда) тіркелген филиалдармен, еншілес ұйымдар-

мен және өкілдіктермен операцияларды жүзеге асырушы азаматтар немесе тұлғалар болып табылатындарды; және (немесе)

- Шетелдік жария лауазымды тұлғалар не халықаралық ұйымдардың жария лауазымды тұлғалары не шетелдік жария лауазымды тұлғаның мүддесіне (пайдасына) әрекет жасайтын тұлғаларды не шетелдік жария лауазымды тұлғаның жұбайы, жақын туысы болып табылатындарды;
- Уәкілетті орган анықтаған Оффшорлық аймақтар тізбесіне енгізілген мемлекетте немесе аумақта тіркелген немесе қызметін жүзеге асырушыларды;
- Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілгендерді;
- Коммерциялық емес ұйымдарды;
- Басқа себептер бойынша қаржы мониторингі субъектісі анықтағандарды жатқызу керек.

### **Төмен тәуекелдер туралы нәтижелерге назар аудару рәсімдері**

69. Қызметтерді немесе клиенттердің санаттарын төмен тәуекел ретінде айқындаған қаржы мониторингі субъектілері осы қызметтерге немесе клиенттердің санаттарына қатынасы бойынша клиенттерді тиісінше тексерудің жеңілдетілген шараларын қолдану туралы шешім қабылдауы мүмкін.
70. Клиенттерді тиісінше тексерудің жеңілдетілген шараларын қолданатын кез келген субъект:
- төмен тәуекел ретінде қызметтерді немесе клиенттердің санаттарын бағалау үшін пайдаланатын ақпаратты, нәтижелерді немесе талдама тәсілді;
  - қызметтерді немесе клиенттердің санаттары үшін ішкі бақылау рәсімдерін оңайлатуға арналған қаржы мониторингі субъектісінің негіздемесін жазбаша түрде сақтауға тиісті.
71. Клиенттерді тиісінше тексерудің жеңілдетілген шаралары анықталған тәуекелдермен шамалас болуға тиісті. Субъектінің ақшаны жылыстатуға немесе терроризмді қаржылан-



дыруға қандай да бір негізі бар болған жағдайда КТТ-нің жеңілдетілген шараларына жол берілмейді.

### **Құжаттау рәсімдері**

72. АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасының нәтижелері құжатпен тіркелуге және тиісті мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша берілуге тиіс.
73. Клиенттерді тиісінше тексерудің нәтижелері бойынша алынған, клиенттің құжаттамасын және олармен жазысқан хат-хабарларды қоса, құжаттар мен мәліметтерді қаржы мониторингі субъектісі клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап кем дегенде бес жыл сақталуға жатады.
74. Қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар және күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, әдеттен тыс күрделі операцияларды зерделеудің нәтижелерін қаржы мониторингі субъектісі операциялар аяқталғаннан кейін кем дегенде бес жыл сақтауға тиісті.

### **Мемлекеттік органдармен тәуекелдер туралы нәтижелермен алмасу рәсімдері**

75. Осы қаржы мониторингі субъектісіне бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органның сұратуы бойынша қаржы мониторингі субъектісі АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару, тәуекелдер, КТТ-мен байланысты құжаттар мен мәліметтер және қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы нәтижелер бойынша өз бағдарламасына дереу рұқсат беруге мүмкіндік жасауға тиісті.
76. Бақылаушы орган мынадай мысалы, Республикалық нотариалдық палата немесе Республикалық адвокаттар алқасы сияқты тәуелсіз бірлестік болып табылған жағдайда, осы тәуелсіз қауымдастық тиісті мемлекеттік органның атынан АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын алуға тиіс және оны тиісті мемлекеттік органға беруге тиісті.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ МАТРИЦАЛАРЫ (МЫСАЛ РЕТІНДЕ)

77. АЖ/ТҚ тәуекелі туынды үш фактор болып табылады: қатер (t), осалдық (v) және салдар (c). Математикалық функцияда тәуекел (r) мынадай түрде есептеледі:  $r = (t*v) * c$ .

### Қатер (T)

78. Залал келтіретін әлеуеті бар адам, объект немесе қызмет қатер болып табылады. АЖ/ТҚ мақсатында Қазақстан Республикасында АЖ және/немесе ТҚ қызметтеріне сұраныс қатер болып табылады. Мұндай сұраныс Қазақстанда табыс тауып отыратын қылмыс типтері мен ауқымының және Қазақстан Республикасына шетелдік қылмыстардан түсетін табыс көлемінің функциясы болып табылады. Реттеушілер қаржы мониторингі субъектілеріне ұлттық деңгейде қатерді анықтауға көмектеседі, субъектілер АЖ/ТҚ-ны жүзеге асыруға әрекеттенген клиенттер тарапынан болатын қатерді өзбетінше бағалауға тиісті.

79. Кестеде төменде АЖ/ТҚ үшін клиенттен болатын қатер деңгейін бағалауға арналған үш деңгейлі рейтингтік шәкіл көрсетілген.

<b>Клиент қатерінің рейтингі</b>	
<b>Жоғары</b>	Клиент, ең дұрысы АЖ/ТҚ-ны жылына үш рет немесе үш реттен астам жүзеге асыруға әрекеттенеді.
<b>Орташа</b>	Клиент, ең дұрысы АЖ/ТҚ-ны жылына бір немесе екі реттен астам жүзеге асыруға әрекеттенеді.
<b>Төмен</b>	Клиент АЖ/ТҚ-ны жүзеге асыруға әрекеттенеді, бірақ жүзеге асыруы екіталай, мүмкін емес.

### Осалдылық (V)

80. Осалдылық қатерде пайдаланылуы мүмкін немесе оның қызметіне қолдау көрсетуі немесе жағдай жасауы мүмкін нәрселер болып табылады. АЖ/ТҚ мақсатында осалдықтың

екі типі болады, оларды қаржы мониторингі субъектілері қарап тексеруге тиісті.

81. Осалдылықтың бірінші типі ақшаны жылыстатуды және терроризмді қаржыландыруды жүзеге асыруға әрекеттенетін клиенттер үшін субъекті *қызметтерінің өзіне тән тартымдылығы* болып табылады. Бұл АЖ/ТҚ-ны болдырмау бойынша бақылаудың жоқтығы жағдайында ақшаны жылыстату және (немесе) терроризмді қаржыландыру мақсатында қызметтердің тиімділігіне жатады. Кестеде төменде АЖ/ТҚ-ны жүзеге асыруға әрекеттенген клиенттер үшін өзіне тән тартымдылыққа негізделген қызметтердің осалдығын бағалауға арналған үш деңгейлі рейтингтік шәкіл көрсетілген.

<b>Өзіне тән тартымдылыққа жататын осалдық рейтингі</b>	
<b>Жоғары</b>	АЖ/ТҚ-ны жүзеге асыруға әрекеттенген клиенттер үшін өз мәнінде барынша тартымды қаржы мониторингі субъектісінің қызметі.
<b>Орташа</b>	АЖ/ТҚ-ны жүзеге асыруға әрекеттенген клиенттер үшін өз мәнінде біршама тартымды қаржы мониторингі субъектісінің қызметі.
<b>Төмен</b>	АЖ/ТҚ-ны жүзеге асыруға әрекеттенген клиенттер үшін өз мәнінде тартымды емес қаржы мониторингі субъектісінің қызметі.

82. Осалдықтың екінші типі өз қызметінің көмегімен АЖ/ТҚ-ны болдырма және анықтау бойынша субъектінің *бақылауын бағалау* болып табылады. АЖ/ТҚҚ бақылауының барынша жоғары деңгейі осалдықтың осы типін төмендетеді, сол кезеңде АЖ/ТҚҚ бақылауының барынша төмен деңгейі осалдықтың осы типін ұлғайтады. Қаржы мониторингі субъектісі АЖ/ТҚҚ бақылауының тиімді шараларын енгізу жолымен өз осалдығын азайтуы мүмкін.
83. Кестеде төменде қызметтер үшін белгіленген АЖ/ТҚҚ бақылауы деңгейіне негізделген қызметтердің осалдығын бағалауға арналған үш деңгейлі рейтингтік шәкіл көрсетілген.

<b>АЖ/ТҚҚ бақылауына жататын осалдық рейтингі</b>	
<b>Жоғары</b>	Қаржы мониторингі субъектісі онда бағаланатын қызметтер үшін белгіленген АЖ/ТҚҚ бақылауы аз немесе мүлдем жоқ деп есептейді.
<b>Орташа</b>	Қаржы мониторингі субъектісі онда бағаланатын қызметтер үшін белгіленген АЖ/ТҚҚ-ға қажет кейбір бақылау бар, бірақ толық емес деп есептейді.
<b>Төмен</b>	Қаржы мониторингі субъектісі онда бағаланатын қызметтер үшін белгіленген АЖ/ТҚҚ-ға қажет толық бақылау бар деп есептейді.

84. Ұсынылған қызметтердің әрбір типі үшін қаржы мониторингі субъектісі өзіне тән тартымдылыққа жататын осалдық үшін және АЖ/ТҚҚ бақылауына жататын осалдық үшін жеке рейтингтер белгілеуге тиіс.
85. Соңынан қаржы мониторингі субъектісі құрамдастырылған осалдық рейтингін алу үшін екі рейтингті біріктіруге тиіс.
86. Кестеде төменде құрамдастырылған осалдықтың бес деңгейлі немесе тоғыз деңгейлі рейтингін алу үшін екі жеке рейтингті қалай біріктіру керектігі көрсетілген.

<i>Өзіне тән тартымдылыққа жататындар</i>	<b>Жоғары</b>	Орташа 6	Орташа-жоғары 8	Жоғары 9
	<b>Орташа</b>	Орташа-төмен 3	Орташа 5	Орташа-жоғары 7
	<b>Төмен</b>	Төмен 1	Орташа-төмен 2	Орташа 4
<b>Осалдықтың құрамдастырылған рейтингі</b>		<i>Төмен</i>	<i>Орташа</i>	<i>Жоғары</i>
<i>Субъектінің АЖ/ТҚҚ бақылауына жататын осалдықты бағалауы</i>				

87. Клиенттің нақты қызмет арқылы анықтаған және анықтамастан АЖ/ТҚ жасау ықтималдығын айқындауға клиент қатерінің рейтингі және осалдықтың құрамдастырылған рейтингі соңынан біріктірілуге тиісті.

88. Кестеде төменде АЖ/ТҚ жасау ықтималдығының жеті деңгейлі немесе он бес деңгейлі рейтингін алу үшін қатердің үш деңгейлі рейтингін және құрамдастырылған осалдықтың бес деңгейлі рейтингін қалай сыйыстыру керектігі көрсетілген.

<b>Клиенттің қатер</b>	<b>Жоғары</b>	Орташа-төмен 6	Орташа 9	Орташа-жоғары 12	Жоғары 14	Өте жоғары 15
	<b>Орташа</b>	Төмен 3	Орташа-төмен 5	Орташа 8	Орташа-жоғары 11	Жоғары 13
	<b>Төмен</b>	Өте төмен 1	Төмен 2	Орташа-төмен 4	Орташа 7	Орташа-жоғары 10
<b>Анықтамастан АЖ/ТҚ пайда болуының ықтималдығы</b>		<i>Төмен</i>	<i>Орташа-төмен</i>	<i>Орташа</i>	<i>Орташа - жоғары</i>	<i>Жоғары</i>
<i>Құрамдастырылған осалдық</i>						

### Салдар (С)

89. Егер анықтамастан АЖ/ТҚ пайда болса, ықпал немесе келтірілуі мүмкін залал нәтиже болып табылады. Ұлттық және халықаралық деңгейде анықталмастан пайда болатын ақшаны жылыстату қылмыскерлерге олардың қылмыстарынан түскен табысқа қолжетімділікті сақтауға және олардың жаңа қылмыстарын, сол арқылы қауіпсіздікке, әлеуметтік бірлікке және экономикалық өсімге зиян келтіре отырып қайта инвестициялауға мүмкіндік береді.

90. Субъектілер өз клиенттерінің нақты және жаңартылатын рейтингтерін және АЖ/ТҚ қызметтері мен бақылауды қамтамасыз етуге АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқарудағы өз ресурстарының көп бөлігін жұмсауға тиісті. Дегенмен субъектілер

сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын, қаулыларын және нұсқаулықын сақтамағаны үшін айыппұлдар мен санкциялардың нәтижелерін талқылауға мүдделі болуы мүмкін. Осындай санкцияларға ұшыраған қаржы мониторингі субъектілері мұндай айыппұлдармен және санкциялармен жақсы таныстырылған. Кез-келген талаптардың сақталмауы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жазаға тартылады.

91. Кестеде төменде сақтамау нәтижелерін бағалау үшін үш деңгейлі рейтингтік шәкіл көрсетілген.

<b>Рейтинг нәтиже (Әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік)</b>	
<b>Жоғары</b>	Айыппұлдар қаржы мониторингі субъектісінің жұмыс істеуіне әсер ететін ұзақ мерзімді және жоғары шығынды салдар туғызады.
<b>Орташа</b>	Айыппұлдар орташа мерзімді салдар туғызады және қаржы мониторингі субъектісі тарапынан орташа шығынға душар қылады.
<b>Төмен</b>	Айыппұлдар егер мұндайлар бар болса, қысқа мерзімді салдар туғызады және қаржы мониторингі субъектісі тарапынан ең төменгі шығынға немесе шығынның жоқтығына душар етеді.

92. Нәтижелер рейтингін бағалайтын субъектілер өздері бағалаған ықтималдық рейтингіне қатысы бойынша осы нәтижелерді пайдаланулары мүмкін. Бұл өз кезегінде субъектілер жоғары тәуекелді аймақтарда АЖ/ТҚ бақылауға қосымша шаралар қолдану туралы шешім қабылдау үшін қосымша ақпарат ретінде пайдалануы мүмкін толық тәуекел рейтингін жүргізеді.

### **ҚАДАҒАЛАУДА ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ТӘСІЛДІ БАСШЫЛЫҚҚА АЛУ**

93. Қадағалау органдары/мекемелер өз қадағалау қызметінің ауқымын және жиілігін анықтауда қадағалаудың тәуекелге бағдарланған тәсілін басшылыққа алады. Қадағалау органдарының/мекемелерінің әрдайым тексеру арқылы және қаржы мониторингі субъектілері белгілейтін тәуекелдер рейтингі-

не, оның ішінде клиенттің қатер бойынша рейтингіне, өзіне тән тартымдылыққа жататын осалдық рейтингіне, АЖ/ТҚҚ бақылауына жататын осалдық рейтингіне, құрамдастырылған осалдық рейтингіне, ықтималдық рейтингіне және бұл мүмкін болса, нәтижелер рейтингі мен жалпы тәуекел рейтингіне алынатын құжаттар арқылы рұқсаты болуға тиіс.

94. Қадағалау органдарының/мекемелерінің сондай-ақ қаржы мониторингі субъектілері тәуекелдер рейтингін анықтау үшін ойлаған ақпаратқа рұқсаты болуға тиіс. Қадағалау органдары/мекемелер қаржы мониторингі субъектілері, сондай-ақ өзге де органдар дайындаған және жинаған барлық тиісті материалдарды қарайтын болады.
95. Бұл материалдарда мөлшері, бизнес үлгісі, қаржы мониторингі субъектісінің корпоративтік басқару механизмі, сондай-ақ оның АЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасының сапасы және оның ішкі қадағалау функциясының жұмыс істеуі туралы мәліметтер қамтылады.
96. Кестеде төменде АЖ/ТҚ болдырмау бойынша бақылау жоқ деп болжамдай отырып, АЖ/ТҚ пайда болуының өзіне тән ықтималдығының бес деңгейлі немесе тоғыз деңгейлі рейтингін жасау үшін клиент қатерінің рейтингі және өзіне тән тартымдылыққа жататын осалдық рейтингі қалай біріктірілуі мүмкін екендігі көрсетілген.

<i>Клиент қатері</i>	<b>Жоғары</b>	Орташа 6	Орташа -высокий 8	Жоғары 9
	<b>Орташа</b>	Орташа - төмен 3	Орташа 5	Орташа -жоғары 7
	<b>Төмен</b>	Төмен 1	Орташа - төмен 2	Орташа 4
<b>АЖ/ТҚ пайда болуының өзіне тән ықтималдығы</b>		<i>Төмен</i>	<i>Орташа</i>	<i>Жоғары</i>
		<i>Өзіне тән ықтималдыққа жататын осалдық</i>		

97. Қадағалау органдары/мекемелер соңында АЖ/ТҚ ықтималдық рейтингін белгілеу үшін АЖ/ТҚҚ бақылауына жататын өздерінің жеке осалдық бағасымен ықтималдыққа тән рейтингті біріктіреді.
98. Кестеде төменде қаржы мониторингі субъектісінің әрқайсысы үшін олардың бақылауында тұрған АЖ/ТҚ ықтималдығын саралауға қадағалау органдары/мекемелері пайдалана алатын жеті немесе он бес деңгейлі рейтинг жасау үшін АЖ/ТҚҚ бақылауына жататын үш деңгейлі осалдық рейтингінің және өзіне тән тартымдылыққа жататын бес деңгейлі осалдық рейтингінің қалай біріктірілуі мүмкін екендігі көрсетілген.
99. Қадағалау органдары/мекемелері тәуекелдің барынша жоғары рейтингін белгілеген жағдайда олар көлемді және оларды қадағалау жиілігін ұлғайтады және көшпелі тексерулер үлесін ұлғайтады.

<i>Қадағалау органдарының АЖ/ТҚҚ бақылауына жататын осалдықты бақылауы</i>	<b>Жоғары</b>	Орташа - төмен 6	Орташа 9	Орташа - жоғары 12	Жоғары 14	Өте жоғары 15
	<b>Орташа</b>	Төмен 3	Орташа - төмен 5	Орташа	Орташа - жоғары 11	Жоғары 13
	<b>Төмен</b>	Өте төмен 1	Төмен 2	Орташа - төмен 4	Орташа 7	Орташа - жоғары 10
<b>Қадағалау көлемін және жиілігін анықтау үшін ықтималдық рейтингі</b>		<i>Төмен</i>	<i>Орташа - төмен</i>	<i>Орташа</i>	<i>Орташа - жоғары</i>	<i>Жоғары</i>
	<i>Қадағалау органдарының ықтималдығына тән бағалау</i>					

100. Қадағалау органдарының/мекемелерінің субъект тәуекелінің рейтингтерінің қате екендігіне күмәндануға құқығы бар. Қадағалау органдарының/мекемелерінің сондай-ақ субъект саналы түрде қате ақпаратқа сенді, тиісті қолжетімді ақпаратты ескермеді немесе АЖ/ТҚ оның тәуекелдерін анықтауға, бағалауға және жұмсартуға қатысы бойынша қандай да бір



түрде парасатты мағынаның жоқтығын көрсетті деп сендіруге құқығы бар. Мұндай жағдайларда қадағалау органдары/мекемелері қадағалаудың көлемі мен жиілігінің мөлшерлес шараларын анықтау мақсатында субъектінің берген деңгейін ауыстыру мүмкін.

101. Клиенттің өзіне тән тартымдылыққа жататын осалдық катерін, АЖ/ТҚҚ бақылауына жататын осалдық рейтингтерін, құрамдастырылған осалдық рейтингтерін, ықтималдық рейтингтерін және мүмкін болатын салдарлар рейтингтері мен жалпы тәуекел рейтингтерін түрлі бағалаудан құтылу үшін қаржы мониторингі субъектілері және қадағалау органдары/мекемелері бір-бірімен тәуекелдердің анықталған рейтингтерінің нәтижелерімен үнемі алмасып отыруға тиісті.

## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАҒАЛАУ АУҚЫМЫ

102. АЖ/ТҚ тәуекелін бағалау оның мөлшерімен және күрделілігімен шамалас болуға тиіс. Қаржы мониторингі субъектілері өздерінің АЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалау саласын өз секторының мөлшері, өзінің өнімдері мен қызметтері, өзінің корпоративтік басқару жүйелері, өзінің транзакция типі, өздерінің клиенттері, өзінің жеткізу арналары және олардың өздерімен операцияларды жүзеге асыратын елдер қамтылған факторларға негіздеуге тиісті.
103. Мына кестеде қаржы мониторингі субъектілері АЖ/ТҚ тәуекелдерін бағалаудың көлемін анықтаған кезде және клиент қатер рейтингтерін және осалдық рейтингтерін берген кезде ескеруге тиісті факторлар келтірілген.

Тәуекел факторлары	Жоғары	Төмен
Сектордың мөлшері	Саны ең көп субъектілер	Бірнеше субъекті
	Көлемі жағынан ірі субъектілер	Көлемі жағынан шағын субъектілер
Өнімдер мен қызметтер	Саны ең көп өнімдер мен қызметтер	Тек бір өнім немесе қызмет
	Өнім немесе қолма-қол ақша қарқынды пайдаланылған қызмет	Шектелген немесе ақшасыз өнім немесе қызмет
	Күрделі қаржылық өнімдер	Жай өнімдер
Корпоративтік басқару	Субъект жақсы жұмыс істейтін ішкі қадағалау орнатпаған	Субъектіде жақсы жұмыс істейтін ішкі қадағалау бар
	Субъект клиенттерге тиісінше тексеру жүргізуде үшінші тұлғаға сүйенеді	Субъект клиенттерге өзінің тиісінше тексеруін жүргізеді
	Субъектінің АЖ/ТҚҚ сақтауды реттеу бойынша өкілеттігі бар қадағалау органы жоқ	Субъектіде АЖ/ТҚҚ-ны сақтауды реттеу бойынша өкілеттігімен қадағалау органы бар

Операциялар (Мәмілелер)	Қаражат көзі белгісіз	Қаражат көзі белгілі
	Ірі сомамен операциялар	Шағын сомамен операциялар
	Қаржының немесе қолма-қол ақша айналымының үлкен көлемі	Шектелген қаржы немесе қолма-қол ақша айналымы
	Толассыз (корреспонденттік) шоттарды жиі пайдалану	Толассыз (корреспонденттік) шоттардың пайдаланылуы жоқ
Клиенттер	Көптеген клиенттер-резидент еместер	Тек клиенттер-резиденттер
	Құны жоғары таза көптеген клиенттер	Құны жоғары таза клиенттер аз немесе жоқ
	Көптеген саяси маңызды тұлғалар	Саяси маңызды тұлғалар аз немесе жоқ
	Кешенді және динамикалық құрылымды меншігі бар көптеген клиенттер	Күрделі және динамикалық құрылымды меншігі бар клиенттер аз немесе жоқ
	Клиенттер қара тізімде тұрады	Қара тізімде тұратын клиенттер жоқ
	Клиенттердің операциялары олардың клиент профилімен дәл келмейді	Клиенттердің операциялары олардың клиент профилімен дәл келеді
Жеткізу арналары	Клиентпен бетпе-бет байланыс ешқашан болмайды	Клиентпен бетпе-бет байланыс әрдайым болады
Елдер	Субъект жұмыс істейді, клиенттері бар немесе тәуекел деңгейі жоғары елдермен операцияларды жүзеге асырады	Субъект өз қызметін тек ішкі нарықта, тек клиент-резиденттермен ғана жүзеге асырады және операцияларды тек елдің ішінде ғана орындайды

# ЖАЗБА ҮШІН